КОНКУРС ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ

ХАБАРЛАНДЫРУ!

Бос жұмыс орнына конкурс жарияланған күні: 22.10.2026ж

Мекеме атауы: Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы «Талас ауданының білім бөлімі «Әйгерім» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

Орналасқан жері: Жамбыл облысы, Талас ауданы, Қаратау қаласы, 3 мөлтек ауданы 47А.

Телефон нөмірі: 8 747 635 31 40

Пошталық мекен-жайы: aigerimkaratau@yandex.kz

Инста парақша: aigerim_bobekjai_bakshasi

Сайт: https://aigerim-talas.kz/kz/

Бос лауазым атауы: 1,0 штаттық бірлікпен – логопед лауазымына

Негізгі функционалдық міндеттері:

1. Білуге тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Кемтар балаларды әлеуметтік медициналық-педагогикалық және түзеу арқылы қолдау туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңдары және Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын өзге де нормативтік құқықтық актілері;

өмірлік қиын жағдайда қалған балаларға арналған арнаулы әлеуметтік қызметтердің мемлекеттік стандарттары;

арнайы педагогика;

оқу-тәрбие процесін жобалау және ұйымдастыру негіздері;

арнайы білім беру саласындағы жаңа жетістіктер;

педагогикалық этиканың нормалары;

еңбек заңнамасының негіздері, ішкі еңбек тәртібінің қағидалары, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидалары, санитариялық қағидалар.

2. Лауазымдық міндеттері:

- Мектепке дейінгі білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын мектепке дейінгі ұйымның, оның ішінде арнаулы мектепке дейінгі ұйымдардың арнаулы педагогы үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес кемтар балалармен жеке, топтық және кіші топтық сабақтар (сабақтар) өткізеді;

- Мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы педагогикалық тексеру жүргізеді және тәрбиеленушілердің ерекше білім алу қажеттіліктерін бағалауды жүзеге асырады;

- Даму мүмкіндіктері шектеулі балалардың психофизикалық даму бұзылыстарын еңсеру үшін жеке оқу, жеке-дамытушы, түзету-дамытушы бағдарламаларды әзірлейді және іске асырады және жеке (кіші топтық, топтық сабақтар)сабақтар өткізеді;

- Мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетеді;

- Білім беру ұйымдарында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүзеге асырады;

- Басқа педагогтермен және мамандармен өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді, білім беруде инклюзивтілік қағидатын іске асыруға ықпал етеді;

- Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидаларын сақтайды;

- Тәрбие процесі кезеңінде балалардың өмірін, денсаулығын және құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді.

Еңбек ақы мөлшері: 1,0 штаттық бірлік (150 000 - 200 000 теңге аралығы).

Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген кандидатқа қойылатын біліктілік талаптары:

- Жоғары педагогикалық білімі және (немесе) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі (педагогикалық) білімі немесе педагогикалық қайта даярлығын растайтын құжат, жұмыс өтіліне талап қойылмайды;

- Және (немесе) біліктілігінің орта және жоғары деңгейі болған кезде мамандығы бойынша жұмыс өтілі: педагог-модератор үшін кемінде 2 жыл, педагог-сарапшы үшін кемінде 3 жыл, педагог-зерттеуші үшін кемінде 4 жыл;

- Және (немесе) біліктілігінің жоғары деңгейі болған кезде педагог-шебер үшін мамандығы бойынша жұмыс өтілі – 5 жыл.

Қажетті құжаттар:

1. Конкурсқа қатысу туралы өтініш (3 қосымша);
2. Жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін);
3. Кадрларды есепке алубойынша толтырылған жеке іс-парағы (нақты тұрғылықты мекен-жайы мен байланыс телефондары көрсетілген бар болса);
4. Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамалары мен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
5. Еңбек қызметін растайтын құжаттардың көшірмесі
6. «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министірінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 9 шілдедегі №ҚР ДСМ-59 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама (У 075) (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №23469 болып тіркелген);
7. Психоневрологиялық ұйымнан анықтама;
8. Наркологиялық ұйымнан анықтама;
9. Біліктілік тестілеу сертификаты немесе біліктілік санатының болуы туралы куәлік;
10. Бағалау парағы;
11. Ұсыным хат (оқу орнынан немесе жұмыс орнынан)
12. Түйіндеме.

Құжаттарды қабылдау мерзімі: 7 жұмыс күні (22.10.2026 – 30.10.2026ж аралығы)